

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**«ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЗАМАНАУИ ТУРИСТІК
ИНДУСТРИЯНЫҢ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»**

**экономика ғылымдарының докторы, профессор
СҰРАҒАНОВА САЙРАН ҚАБДРАХМАНҚЫЗЫН
еске алуға арналған халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
23 ақпан 2018ж.**

**СБОРНИК ТРУДОВ
международной научной конференции
«ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ
СОВРЕМЕННОЙ ТУРИСТСКОЙ ИНДУСТРИИ В УСЛОВИЯХ
ЦИФРОВИЗАЦИИ»,
посвященной памяти доктора экономических наук, профессора
СУРАГАНОВОЙ САЙРАН КАБДРАХМАНОВНЫ
23 февраля 2018г.**

**PROCEEDINGS
of the international scientific conference
«THE MAIN TRENDS AND FEATURES OF THE MODERN TOURIST
INDUSTRY DEVELOPMENT IN THE CONTEXT OF DIGITALIZATION»,
dedicated to the memory of
Doctor of Economic Sciences, Professor
SURAGANOVA SAYRAN KABDRAHMANOVNA
23 February 2018**

Астана, Қазақстан
Астана, Казахстан
Astana, Kazakhstan

УДК 379.8(063)
ББК 75.81
Ц 71

Редакционная коллегия:

Декан экономического факультета, д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана, к.э.н., доцент Тажикенова С.К.,
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономика» д.э.н., профессор Майдырова А.Б.,
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.,
Доцент кафедры «Туризм», к.э.н., Мусина К.П.,
Старший преподаватель кафедры «Туризм», доктор PhD Агыбетова Р.Е.
Старший преподаватель кафедры «Туризм», магистр туризма Гиззатжанова А.Г.

Цифрландыру жағдайында заманауи туристік индустрияның дамуының негізгі тенденциялары мен ерекшеліктері: Халық ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2018.

Основные тенденции и особенности развития современной туристской индустрии в условиях цифровизации: Сб. материалов межд. науч. конф. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2018.

Proceedings of the international scientific conference **The main trends and features of the modern tourist industry development in the context of digitalization.** Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2018.

ISBN 978-9965-31-984-6

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында цифрландыру жағдайындағы қазіргі заманғы туристік индустрияның негізгі үрдістері мен ерекшеліктеріне қатысты өзекті мәселелер қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы касательно основных тенденций и особенностей развития современной туристской индустрии в условиях цифровизации

The collection of materials on the international scientific conference considers important issues regarding the main trends and features of the modern tourist industry in the context of digitalization

УДК 379.8(063)
ББК 75.81
Ц 71

ISBN 978-9965-31-984-6

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2018

© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2018

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2018

Ұлы Адам, Дос, Ұстаз



2016 жылдың 7 қарашасында 68 жасында өмірден экономика ғылымының докторы, профессор Сұрағанова Сайран Қабдрахманқызы өмірден озды.

Сайран Қабдрахманқызы 30 жылдан аса жыл елдің жоғары оқу орындарында педагогикалық қызметпен айналысты. Ы.Алтынсарин атындағы білім академиясының корреспондент –мүшесі, Ресей Федерациясының Халықаралық ғылым және практикалық өндірісті ұйымдастыру академиясының мүшесі.

Сайран Қабдрахманқызы он жыл бойы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің негізін қалаушысы және жетекшісі болды. Университетте жұмыс істеу кезінде ашылған экономика факультетінің барлық мамандықтар бойынша оқу жоспарлары мен мемлекеттік білім беру стандарттарын әзірледі.

С.Қ. Сұрағанова нағыз патриот және ірі қоғамдық қайраткер бола отырып, көптеген маңызды жобаларға қатысты. ҚР Мәжіліс Парламентінің жұмыс тобының мүшесі бола отырып, Сайран Қабдрахманқызы біршама комиссиялар құрамында жұмыс істеді. Белсенді азаматтық тұғырды ала отырып, С.Қ.Сұрағанова «Халықты еңбекпен қамту сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен қосымшаларды енгізу туралы» заңнаманы дайындауға қатысты. ҚР еңбек және әлеуметтік қорғау Министрлігінің, ҚР туризм және спорт Министрлігінің, ҚР білім және ғылым Министрлігінің, ҚР ауыл шаруашылық Министрлігінің жұмыс топтарында белсенді қызмет атқарды, ҚР білім және ғылым Министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру құжаттарын нострафикациялау бойынша комиссия мүшесі болды.

Сайран Қабдрахманқызы әкімшілік қызметті оқытушылық қызметпен бірге атқара отырып, ғылыми зерттеулер де жүргізді. Ол Қазақстанның Солтүстік аймақтарына тән, енгізу сипаттағы бірнеше ұсыныстар жасады, 150 -ге тарта ғылыми еңбектері, соның ішінде 17 монография, 10 оқу құралы мен оқулықтары шығарылды.

С.Қ. Сұрағанова «2006 жылдың Үздік оқытушысы», «2011 жылдың Үздік оқытушысы» гранттарының иегері, «Еуразия мақтанышы-2008» конкурсының лауреаты болды. ҚР білім Министрлігінің «ҚР білім берудің Құрметті қызметкері» төс белгісімен, «Астанаға 10 жыл» мемлекеттік марапатымен, сол сияқты ҚР білім және ғылым Министрлігінің бірнеше құрмет грамоталарымен наградталды.

2005 жылдан бастап «Туризм» кафедрасына жетекшілік етті, ол «Туризм» мамандығының магистратурасын (2009 ж.) және PhD докторантурасын (2010 ж.) ашты.

С.Қ. Сұрағанованың жетекшілігімен 3 ғылым докторы және 20 аса ғылым кандидаттары дайындалды, оның 5-і экономика факультетінің оқытушылары, магистранттары.

Сайран Қабдрахманқызы өмірінің соңғы күніне дейін жоғары жұмысқабілеттілігін сақтады. Жұмысбастылығына қарамай ол әр уақытта өз ұжымына және студенттеріне ықыласты, көмек қолын ұсына білетін адам болатын. Ол ешуақытта өзгерістен қорықпайтын, әр уақытта заман талабына сай жаңалықты қабылдайтын, өз отбасы, туыстары мен достары арасында беделді тұлға бола білді.

Біз Сайран Қабдрахманқызын Ұлы Адам, Дос, Ұстаз ретінде танымыз.

С.Қ. Сұрағанованың жоғары марапаты ретінде- оның еңбектерінің беделі, оны танитын адамдардың махаббатымен және оны жылы лебізбен еске алуы деуге болады.

Великий Человек, Друг, Учитель



7 октября 2016 года на 68-м году жизни ушла из жизни доктор экономических наук, профессор Сураганова Сайран Кабдрахмановна.

Более 30 лет Сайран Кабдрахмановна осуществляла педагогическую деятельность в высших учебных заведениях страны. Являлась членом-корреспондентом Академии образования им. Ы. Алтынсарина, действительным членом Международной академии науки и практики организации производства Российской Федерации.

Сайран Кабдрахмановна была одним из основателей и бессменным руководителем экономического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева на протяжении десяти лет. За годы работы в университете осуществляла деятельность по разработке учебных планов и государственных образовательных стандартов по всем специальностям,

открытым на экономическом факультете.

Настоящий патриот и крупный общественный деятель С.К. Сураганова принимала активное участие во многих важных проектах. Будучи членом рабочей группы Мажилиса Парламента РК, Сайран Кабдрахмановна входила в состав ряда комиссий. Занимая активную гражданскую позицию, С.К. Сураганова участвовала в подготовке законопроекта «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам занятости населения». Принимала активное участие в рабочих группах Министерства труда и социальной защиты РК, Министерства туризма и спорта РК, Министерства образования и науки РК, Министерства сельского хозяйства РК, являлась членом комиссии по нострификации документов высшего и послевузовского образования МОН РК.

Совмещая административную работу с преподавательской деятельностью, Сайран Кабдрахмановна занималась научными исследованиями. Ею издан ряд рекомендаций, имеющих внедренческий характер для Северных регионов Казахстана, опубликовано порядка 150 научных трудов, в том числе 17 монографий, 10 учебных пособий и учебников.

С.К. Сураганова являлась обладателем гранта «Лучший преподаватель 2006 года», «Лучший преподаватель 2011 года», лауреатом конкурса «Еуразия мақтанышы - 2008». Она была награждена нагрудным знаком Министерства образования РК «Почетный работник образования РК», государственной наградой «10 жыл Астана», а также отмечена рядом почетных грамот Министерства образования и науки РК.

С 2005 года Сайран Кабдрамановна заведовала кафедрой «Туризм», в 2009 году ею была открыта магистратура, а в 2010 году она открыла PhD докторантуру по специальности «Туризм». Под руководством С.К. Сурагановой подготовлены 3 доктора и более 20 кандидатов экономических наук, среди которых 5 преподавателей экономического факультета, а также магистранты. До последних дней Сайран Кабдрахмановна сохраняла колоссальную работоспособность. Несмотря на свою занятость, она всегда оставалась внимательным и отзывчивым человеком по отношению к своим многочисленным коллегам и ученикам. Она не боялась меняться, идти в ногу со временем и, при этом, оставалась верной себе, своей семье и друзьям.

В лице Сайран Кабдрахмановны мы потеряли великого Человека, Друга, Учителя.

Высшей наградой С.К. Сурагановой навсегда будет непоколебимый авторитет ее трудов, искренняя любовь и светлая память знавших её людей.

Great Person, Friend, Teacher



On October 7, 2016, at the 68th year of her life, Doctor of Economics, Professor Suranova Sairan Kabdrakhmanovna passed away.

For more than 30 years, Sairan Kabdrakhmanovna had taught at higher educational institutions of the country. She was a corresponding member of the Academy of Education named after S. Altynsarin, an active member of the International Academy of Science and Practice for Production Organization of the Russian Federation.

Sairan Kabdrakhmanovna was one of the founders and the permanent head of the Economics Faculty of the L.N. Gumilyov Eurasian National University for ten years. Over the years of work at the university, she was engaged in the development of curricula and state educational standards in all specialties, opened at the Faculty of Economics.

A true patriot and a prominent public person S.K. Suraganova took an active part in many important projects.

Being a member of the working group of the Majilis at the Parliament of the RK, Sairan Kabdrakhmanovna participated in the work of a number of commissions. Taking an active civil position, S.K. Suraganova participated in the preparation of the draft law "On Amendments and Additions to Certain Legislative Acts of the Republic of Kazakhstan on Employment Issues". She took an active part in the working groups of the Ministry of Labor and Social Protection of the Republic of Kazakhstan, Ministry of Tourism and Sports of the RK, Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan, was a member of the commission for the nostrification of documents of higher and postgraduate education of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Combining administrative work with teaching, Sairan Kabdrakhmanovna was involved in scientific research. She issued a number of recommendations that have an innovative character for the Northern regions of Kazakhstan, published about 150 scientific works, including 17 monographs, 10 manuals and textbooks.

Suraganova S.K. was the holder of "The Best Teacher of 2006" grant, "The Best Teacher of the Year 2011", laureate of the "Pride of Eurasia 2008". She was awarded a breastplate of the Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan "Honorary Worker of Education of the Republic of Kazakhstan", the state award "10-th anniversary of Astana", and also was awarded with a number of honorary letters of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Since 2005, Sairan Kabdrakhmanovna headed the department "Tourism", in 2009 she opened a master's degree, and in 2010 she opened PhD doctorate in the specialty "Tourism".

Under the leadership of Suraganova S.K., 3 doctors and more than 20 candidates of economic sciences were trained, including 5 teachers of the Economics Faculty, as well as graduates.

Until the last days Sairan Kabdrakhmanovna retained tremendous performance. Despite her busy schedule, she always remained attentive and sympathetic person in relation to her many colleagues and students. She was not afraid to change, to keep up with the times and, at the same time, remained true to herself, her family and friends.

With Sairan Kabdrakhmanovna we have lost a great Person, Friend, Teacher.

The highest award for Suraganova will forever remain in unshakable authority of her works, a sincere love and fond memories of people who knew her.

4) цели создания зон различны в зависимости от экономического и социального развития государства;

5) деятельность СЭЗ направлена на национальных и иностранных предпринимателей.

Таким образом, Свободная экономическая зона (СЭЗ) – это часть экономического пространства с особым действующим режимом, который охватывает налоговое и таможенное регулирование; финансовые и административные льготы, имеет свой специальный орган управления и создана с целью экономического, социального и научно-технического развития.

Литература:

1. Ливинцев, Н. Н., Костюнина, Г. М. Международное движение капитала (Инвестиционная политика зарубежных стран): Учебник. – М.: Экономистъ, 2004. – 368 с.

2. Федин, П. А. Свободные экономические зоны в России: мнение и точки зрения на определение понятия // Фундаментальные и прикладные исследования кооперативного сектора экономики. Научно-теоретический журнал. – 2012. – № 2. – С. 41-47.

3. Гранберг, А. Г. Основы региональной экономики: Учебник для ВУЗов, М.: ГУ ВШЭ, 2003. – 495 с.

4. Данько, Т. П., Окрут, З. М., Халдей, А. А. Свободные экономические зоны – катализатор развития рыночной экономики. Краснодар, 1991. – 44 с.

5. Особые экономические зоны / С. В. Приходько, Н. П. Воловик; Консорциум по вопр. приклад. эконом. исслед., Канад. агентство по междунар. развитию [и др.]. – М.: ИЭПП, 2007. – 268 с.

6. Бутов, В. И., Игнатов, В. Г. Свободные экономические зоны. Методологические и организационные основы. Правовой и налоговый режим. Нормативная база. М.: Ось -89, 1997. – 192 с.

7. Боброва, В. В., Мартынюк, Е. А. Свободные экономические зоны – динамичные «островки» мирового хозяйства: их сущность и классификация // ВЕСТНИК ОГУ. – 2011. – № 13 (132). – С. 49-54.

8. Авдокушин, Е. Ф. Международные экономические отношения: Учеб. пособие. М.: ИВЦ «Маркетинг», 1999. – 264 с.

ҚАЗАҚСТАН - НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАҒА ЖАҢАДАН ҚАДАМ БАСУШЫ ЖАС МЕМЛЕКЕТ

Мейрамғалиева Д.А. Бисекеева А.Р.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Астана қ.

E-mail: dina_meiramgalieva@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: А.К. Қусаинова

Тәуелсіздікті нығайту, оны сақтай білу, қадірлеу- оны жеңіп алудың қиын екендігі, оған зор жауапкершілік жүктейтіндігі дәлелденген қағида. Сондықтан да тәуелсіздік тамырынан тағылым алып өсетін ұрпақ өсіру, тәуелсіздіктің оңай келмегендігін ұғындыру, оны көздің қарашығындай сақтауды жеткізу бүгінгі күннің басты міндеті болып табылады. Қазақстан қазіргі экономикалық даму деңгейіне бірден қол жеткізген жоқ. Қысқа мерзімде біртұтас үш міндетті: тәуелсіз мемлекет құруды, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға және тоталитаризмнен демократияға көшуді жүзеге асыру оңай соқпады. Өткен ғасырдағы КСРО-ның өмір сүруінің 70-80 жылдарында әлемдік деңгейде өте тиімді ғылыми-техникалық жаңалықтар ашылғанымен, бұл мүмкіндікті Кеңес Одағы пайдалана алмады. Бұның бысты себебі жоспарлаудағы кемшіліктер мен экономикалық басқарудағы әкімшіл-әміршіл әдістер болды. Бұл жағдай шаруашылықтардың дербестігін тежеді, барлық шығынға қарамай партия жоспарын қалайда орындауға ұмтылушылық күшейді. Жұмыстағы теңгермешілікте қызметкерлердің еңбек ету белсенділігін төмендетті. Кадрлар тұрақтамады, жұмысшылар мен қызметкерлердің бір кәсіпорыннан екіншісіне ауысуы жиіледі. Өндіріс орындары да ескі технологиямен жұмыс істеді, олардың еңбек өнімділігі де төмендей түсті. Олардың өндірістік қызметін тоқтаспас үшін орасан көп күрделі қаржы бөлінді.

Тәуелсіздігімізді алып, өз алдына дербес мемлекет болып қалыптасқан отанымыз, Қазақстан Республикасы үшін әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттары мен жолдарын дұрыс негіздеу маңызды болып табылады. Елбасымыздың қабылдаған даму стратегияларында еліміздің келешекке қойған асқақ мақсаттары анық көрсетілген. Және де осы мақсаттарға жету үшін қолдан келер әрекеттер жасалынуда [1].

Кез келген елдерде сияқты, Қазақстанда да экономикалық дағдарыс өз түзетулерін енгізді. Қаржылық дағдарыс экономикалық дағдарысқа ұласты. Әлемдік экономиканың құлдырауы барлық дерлік шикізаттарға деген сұраныстың, соның салдарынан олардың бағаларының күрт төмендеуіне алып келді. Отандық және шетелдік ғылыми, көпшілік басылымдарда ғалымдардың, саясаткерлердің ғаламдық дағдарыстың себептері, салдары, одан шығу жолдары туралы түсініктер, пікірлер көптеп айтылуда. Ғалым-экономистердің осы тұрғыдағы көзқарастарын тұжырымдай келе әлемдік дағдарыстың негізгі себептерін атап айтуға болады:

- Әлемдік экономиканың, әсіресе – қаржының, ғаламдануы.
- Мұнай бағасының өзіндік ерекше қалыптасуы және оның бүкіл қаржы сферасына әсер етуі. Баға қалыптасуының «классикалық» тәртіптен ауытқуы.
- Банкердің және трансконтиненталды корпорациялардың шексіз үлкейіп кетуі нарықтық қатынастардың қозғаушы күші – бәсекелестікті басып тастауы.
- Халықаралық қаржылық институттар қызметтеріндегі тығырыққа таяну.
- Ұлттық банктердің жұмысын реттеу және бақылау ісіндегі кемшіліктер [2].

Мемлекеттің экономикалық дамуы қоғаммен, яғни адаммен іске асырылады. Сондықтан, Қазақстанда да, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысымен индустриялық-инновациялық стратегия әзірленіп жатыр, оған ғылымды және кәсіби білім беруді дамыту, денсаулық сақтау, халықтың әл-ауқатын жоғарылату, халыққа кепілді тегін қызмет көрсету көлемі және т.б бойынша бағдарламалар кіреді.

Басқарушылық мақсаттары–бұл қоғамдық қажеттікті және басқарма мүдделерін нақты қанағаттандырубойынша басқарушылық шешімдер және әрекетерді қалыптастырумен және жүзеге асырумен байланысты мақсаттар. Кез келген мемлекетті басқару ісінде мақсаттарды қою ерекше рөл атқарады. Экономикалық саясат дегеніміздің өзі белгілі бір мақсаттарды жүзеге асыру процесі болып табылады. Өмірдің өзі қоғамды дамыту барысында бір уақытта бірнеше мақсаттардың жиынын шешу керектігін көрсетеді. Олардың толық түсінілуі, белгіленуі және дұрыс орындалуы үшін қоғамның барлық мәселелерінің құрылымын айқын түрде ұсыну керек [3].

Қазақстан Республикасы - нарықтық экономикасына жаңадан қадам басушы жас мемлекет. Сондықтан да мемлекеттің әлеуметтік экономикалық даму мақсаттары мен жолдары негіздеу ел үшін өте маңызды іс болып табылады. Осы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарын басшылық әрдайым халыққа жария етіп, және жаңа мақсаттар мен қол жеткізген нәтижелерді Жолдаулар, Дамудың стратегиялық бағдарламалары, халықаралық ұйымдардың қолдауымен жасалынған декларациялар және тағы да басқа жолдармен бекітіп отырады [4].

«Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» - Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында да осы әлеуметтік экономикалық даму мақсаттары мен оған жету бағыттарының маңыздылығы мен өзектілігі туралы айтылып өтілген.

Ел экономикасының қарышты қадамдары қандай болмасын саяси-экономикалық шешімдердің түпкі мақсатына сәйкес халықтың әл-ауқатын арттыру үшін зор міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндіктер береді. Сондықтан Президенттік жолдаудың алғашқы бабында тұрғындарды жұмыспен қамтудың тиімді жүйесін жасау арқылы әрбір жұмыс жасындағы адамға жұмыс орнын ашып беруге ұмтылыстың әлеуметтік маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес. Мұның өзі мемлекет пен халық мүдделерінің бір бағытта тоғысуының жарқын белгісі. Ал мүдделер бірлігі бар жерде оңтайлы, ұтымды, және тиімді нәтижелер көп күттірмейді. Заманауи экономикалық ғылым мен тәжірибеде «Әлеуметтік бағдарланған

экономика», «Әлеуметтік бағдарланған рыноктық шаруашылық» деген түсініктер қалыптасып үлгерді. Ғылыми айналымға Германия экономикасының реформаторы Людвиг Эрхардтың «Әл-ауқаттылық баршаға» кітабы арқылы енген бұл категориялар дербес құрылымы, табыстарды бөлу әдісі, мемлекеттік басқарудың мақсатты бағдары бойынша халықтық әл-ауқатын жоғарылатуға, тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтеруге қызмет ететін экномиканы сипаттайды. Қазіргі дамыған мемлекеттердің ешқайсысы да халықтың өмір сүру жағдайы, жұмыспен қамтылуы, әлеуметтік сақтандырылуы туралы толық жауапкершілікті өз мойнына алмайды. Елдегі әлеуметтік болмыс сипаты, әлеуметтік игіліктер және тауарлар мен қызметтер үшін толық жауапкершілікті болатын материалистік концепцияның негізі жоқ және ешқандай экономикада жүзеге аса қоймайды. Ал Қазақстан Президентінің жолдауындағы жұмыспен мейлінше қамту, халықты қолжетімді баспанамен қамтамасыздандыру міндеттері мемлекеттік әлеуметтік саясаттың жемісті болуының кепілі болып отыр [5].

Тәуелсіздік жылдарындағы экономикалық саясаттың негізгі басымдылықтарының бірі шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы болды. Нарықтық экономикада шағын және орта кәсіпкерлік инновациялық экономикада өз орнын жылдам табу үшін өзінің икемділігін, ұтқырлығын, нарықтық әділдігін пайдалануы тиіс. Мемлекет те өз кезегінде, кәсіпкерлік ортаның бастамашылығын жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасауы керек және өзінің көмегін бәсекеге қабілеттілік және еліміздің ғылыми-технологиялық әлеуетін көтеру мағынасында ең көп маңызы бар шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпорындарына бағыттауы керек екендігін ұмытпауы тиіс. Соңғы жылдары жүргізілген іс-шараларды экономикалық реформалардың негізгі бөлігінің аяқталу кезеңі деп сипаттауға болады. Елде қолайлы инвестициялық ахуал жасалды. Елдің шаруашылық кешеніне қаржы ресурстарын тарту үшін осы заманғы институттық және нормативтік-құқықтық база жұмыс істеуде. Шетелдік инвесторлар үшін табыс салығынан, жер салығынан және мүлік салығынан босатуды көздейтін жеңілдіктер мен преференциялар жүйесі, кеден жеңілдіктері белгіленді. Инвестиция саласындағы проблемаларды анықтап, шешу мақсатында мамандандырылған өкілетті орган және Президент жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі құрылды. Нарық институттары мен шаруашылық жүргізудің тетіктерін қалыптастыру саласындағы бірқатар түбегейлі қадамдары жүзеге асыру нәтижесінде Қазақстан реформалау қарқыны жағынан ТМД елдерінің көпшілігін басып озды. Елімізде мамандандырылған Ұлттық қор құрылды. Ол мұнай секторында алынған табыстардың бір бөлігін болашақ ұрпақтар үшін жинақтауы тиіс. Сонымен қатар қор форс-мажор жағдайларында Мемлекеттік бюджеттің стратегиялық резерві функциясын қамтамасыз етеді [6].

Бүгінде Қазақстан ТМД-дағы реформалардың танымал көшбасшыларының бірі болып табылады. Бұрынғы КСРО мемлекеттерінің ішінде Қазақстан бірінші болып: 2000 жылдың аяғында Еуропа қауымдастығы, ал, ал 2002 жылдың наурызында Америка Құрама Штаттары тарапынан нарық экономикасы қалыптасқан ел ретінде танылды.

Тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстандағы шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауда, экномиканың дамуының нақты кезеңіне тән проблемалық мәселелеріне ерекше назар аударылды. Бұған –шағын кәсіпкерліктің даму келешегі мен мәселелері, оның жеке мәселелерінің мән-мәтінінде, мемлекеттің ұзақ мерзімді перспективада экономикалық дамуының мақсаттары мен артықшылықтарының жалпы жүйесінің өзара байланысы қарастырылуы себепші болды. Соңғы жылдары мемлекеттік саясат өзінің бәсекеге қабілеттілігі мен мемлекеттік ғылыми – техникалық әлеуетін арттыру сипаты тұрғысынан ең үлкен әлеуеті бар шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына жәрдем беруге бағытталуда. Шағын және орта бизнестің дамуы, шағын кәсіпкерлік пен мемлекеттің өзара тиімді байланысы, шағын кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік саясатының қалаптасуының жаңа тәсілдерін талдау - Үкімет қызметінің басты мәселесіне айналып келеді [6].

Қазіргі таңда мемлекетіміз бәсекеге қабілетті тұрақты эканомикалық орта қалыптастыру, әлемнің эканомикасы дамыған елу елдің қатарына ену, кедейлік пен аштықты жою, жалпыға бірдей бастауыш білімді қамтамасыз ету, балалар өлімін азайту, экологиялық

тұрақтылықты қамтамасыз ету және тағы да басқа осы сияқты әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарын алға қойған.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқының азаматтық таңдауы – тарихи зерде, ұлттық татулық және демократиялық реформалар. // «Егемен Қазақстан». – 7.06.1999ж.
2. Абдрахманов С. Тәуелсіздік толғауы. // «Егемен Қазақстан». - 22.03.2001ж.
3. Есали А. Алдағы сайлау биліктің шынайы бейнесін кәрсетеді. // «Егемен Қазақстан». - 3.08.2004ж.
4. Дәдебаев Ж. Ел және ел басы. // «Егемен Қазақстан». - 23.11.2001ж.
5. Назарбаев Н.Ә. Дағдарыстан шығу кілті.// «Егемен Қазақстан», 2009, 3 ақпан
6. Қасымбеков М. Айтулы жылда атқарылған ауқымды істер. // «Егемен Қазақстан». – 13.01.2011ж.

«ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН»: ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ЖАҢА СЕРПІНІ

Мырзахметқызы А., Дербисбаева А.

Ғылыми жетекші: э.ғ.к., Ауелбекова А.Қ.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Қазақстан Республикасы

e-mail: agu_01.2000@mail.ru

Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты биылғы Жолдауында: «Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет.

Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сала дарытты.

Осыған орай Үкіметке «Цифрлық Қазақстан» жеке бағдарламасын әзірлеуді және қабылдауды тапсырды.

Біздің заңнамамызды жаңа жағдайға бейімдеу керек. Коммуникацияның дамуы мен оптикалық-талшықты инфрақұрылымға жаппай қолжетімділікті де қамтамасыз ету керек. Цифрлық индустрияны дамыту басқа барлық салаларға серпін береді. Сондықтан Үкімет ІТ саласын дамыту мәселесін ерекше бақылауда ұстауға тиіс.

Жаңа индустриялар қалыптастырудың маңызды шарты инновацияны қолдау және оларды өндіріске тезірек енгізу болып саналады.

Үкіметке «ЭКСПО – 2017» нысандарының бірінің базасында ІТ-стартаптар халықаралық технопаркін құруды тапсырды. Ол әлемнің барлық елінен кәсіпкерлер мен инвесторлар тартудың платформасы болуға тиіс. Бұл үшін тиісті инфрақұрылым және салық жеңілдіктерін, оңайлатылған виза мен еңбек режимін қоса алғанда, қолайлы жағдай керек» деген еді [1].

Елбасы өзінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында ІТ саласын дамытуға ерекше мән беріп, алдымызға үлкен міндеттер қойды. Сонымен бірге, кәсіпкерлікті дамыту, оны қолдау мәселесіне де тоқталған. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың тағы бір жолы – ІТ нарықты өркендету. Мемлекет басшысы «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын қолға алуды тапсырып, цифрлық технологияларға көшу керектігін айтты. Әлемдік нарықта ІТ саласы ауқымды орын алып отыр. Жастарды осы салаға мамандандырып, бағыттайтын болсақ, әлемдік нарыққа кіруге мүмкіндік туатыны анық. Бұл – заман талабы. Сондықтан Елбасының «Цифрлық Қазақстан» идеясын толық қолдаймын. Бұл дегеніміз – үлкен орталық, статистикалық ақпараттарды жинау, оған дұрыс анализ жасау, қорытынды ретінде көрсету. Кезінде бұл саланы дамытуға миллиардтаған қаражат бөлінді. Алайда одан нәтиже көрмедік. Сол үшін қайтадан қаражат бөліп, бұл жолы мемлекеттік